

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HKND6939>**Ж. Ш. Сағимбаева, Ж. А. Отарбаева, Е. А. Әбдрахманов**

Қ. Жұбанов университеті,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫ

CLIL (Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту) – пәндер шет тілдерінде оқытылатын оқыту әдістемелерін сипаттайтын термин. Тығыз пәнаралық байланыстарға негізделген шет тілдерін оқытуға кіріктірілген көзқарас тілдік емес жоғары оқу орындарында кәсіби оқыту мен білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістері мен жолдары тұрғысынан өзекті болып табылады. Бірінші жоспарға келесі ережелер шығады: оқытудың кәсіби бағыты, шет тілді коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру кезінде белсенді әдістерді қолдану, халықаралық талаптар мен стандарттарға бағдарлану, Ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдарды пайдалану, қосымша білім беру қызметтерін ұсыну, дербестікті, өздігінен білім алу және оқыту дағдыларын дамыту. Сонымен бірге, CLIL оқыту тілді үйретудің дәстүрлі сабағымен ұқса стығы аз, онда оны одан әрі мақсатта пайдалану үшін оқытады және тілді жақсы білу мақсаты болып табылады. Пән және тілге ықпалдату оқытқан жағдайда тілді үйрену өз басының қамы болып табылмайды. Тіл оқушыға қызық және қол жетімді тақырыптардың көмегімен үдете оқытылады. Оқытудың қауіпсіз ортасы құрылады, ол ізгіниеттік қарым-қатынас пен бірлесіп оқытуды қолдайды. Шет тілі пән білімін берудің құралы болып қызмет етеді; бағалауға ықпалдандырылған курста шет тілі білімін білумен қатар пән білімін білуі жатады, ол пән мұғалімдері мен шет тіл мұғалімдерінің белсенді өзара қатынасын тұспалдайды.

Кілтті сөздер: CLIL, пән мен тілді кіріктіре оқыту, көптілділік, ұтқырлық, оқыту құралы ретіндегі ағылшын тілі, таным.

Кіріспе

Қазіргі таңда жаңа заманауи талапқа сәйкес білім беру жүйесі үштілдікке бет бұра бастады. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн

тәртібінде тұрған өзекті мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасында 2016–2019 жж. арналған білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі – білім беру жүйесін және технологияларын дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуді талап ететін орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып саналады.

Олардың ішінде ең көп таралған түрі CLIL тілдік интеграцияланған оқыту технологиясы (Content and Language Integrated Learning) болып табылады. Бұл ұғымды алғаш рет Дэвид Марш 1994 жылы ойлап тапқан. CLIL әдісі бізге үлкен өзгеріс әкелді, өйткені барлық оқу орындары (университет, колледж, мектеп) кіріктірілген білім беру әдістін қолдана бастады. Бүгінгі таңда еліміздің мектептерінде үш тілді оқытудың маңызы арта түсумен қатар, оның бағыттары да кеңейіп отыр. Жалпы үш тілді оқытудағы басты міндет - оқушының тілдік қарым-қатынас жасай алу қабілетін, тілді үйрену білу біліктілігін жетілдіру. Аталған мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан іздей отырып, жұмыстануда.

Зерттеудің нысаны

Елбасының тапсырмасымен 2020 жылға қарай ЖОО-лардағы барлық техникалық және медициналық мамандықтар ағылшын тілінде оқытуға көшуде. Сонымен қатар, қазіргі таңда мектептерде білім беру технологиясы ретінде кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқыту қолға алынып отыр. Соның бірі қазіргі таңда физика пәнін ағылшын тілінде өткізу болып табылады.

Зерттеудің пәні

Физика пәнін ағылшын тілінде оқыту білімгерлердің сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Қарапайым көрсетулер білімгерді өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Сабақ барысында қосымша берілетін физика-техникалық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастыруда өз көмегін тигізеді. Физика сабағында ғылыми терминдер мен шамаларды ағылшын тілінде қолдану өте қолайлы, әрі сабақ қызықты өтеді, үш тілде білімдерін кеңейтеді. Тақырып бойынша оқушыларда негізгі ұғымдар мен түсініктері қалыптасады, физикалық шамаларды тек қазақ тілінде емес, сонымен қатар ағылшын тілінде де меңгереді. Ағылшын тілінде терминдерді жаттап оқыған әлдеқайда жеңілдірек болып келеді. CLIL әдісін қолдану арқылы оқушыға сабақ барысында тілдік дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік берсе, мұғалімге білімгерлерге үштілділік бойынша қолдауға мүмкіндік береді.

CLIL технологиясы бойынша оқытудың мақсаттары:

- 1) оқытылатын пән арқылы шет ел тілін зерделеу;

2) пәнді шет ел тілі арқылы зерделеу.

Осылайша, оқушыларды ана тілінде және оқып үйренетін тілде оқыту бір тұтасты құрайды. Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану, биология, химия, информатика, география, физика және тағы бірқатар басқа пәндер оқытыла алады. Осы пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін таңдап алынуы толық негізделген.

CLIL әдісі арқылы оқытудың ерекшелігі, мұнда түрлі оқыту жағдайларда сабақ және оқу мақсаттарының берілген кезеңіне тиісті тілді пайдаланып, сабақты өткізу екі тілде (отандық және шетелдік) жүзеге асырылады. CLIL технологиясы – пән мазмұны мен тілді бірлесе оқыту технологиясы.

CLIL әдістемелік тәсілдің негізгі принциптері төрт негізгі аспектілермен анықталады:

- Content (мазмұны) – бұл ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыратын пәндік аймақтағы білім, іскерлік, дағды, яғни, өздігінен іздеу, талдау, таңдау, өңдеу және қажетті ақпаратты жіберу қабілеті мен іскерлігі;

- Communication (байланыс) – сабақта шетел тіліне үйренуге емес, шетел тілі білімін қосымша қолдануды ұсынатын тілде оқыту, осылайша, оқушылар шетел тілін оқу кезінде қолданады, сондай-ақ, оны қалай пайдалану керектігін үйренеді. Бұл аспект коммуникативті құзырлықтарды қалыптастырады, себебі тыңдай білу, сұрақтар қоя білу және оларға нақты жауаптар құрастыру, қарастырылатын мәселелерді мұқият тыңдау және белсенді талқылау, серіктесінің пікірін түсіну және оларға сыни баға беру жеке тілдік қатынас қабілетін дамытады;

- Cognition (таным) танымдық және ойлау дағдыларын дамытуды жүзеге асырады және бір немесе бірнеше оқу салаларында оқушылардың жақсы даярлығын қамтамасыз ететін білім беру құзыретін қалыптастыруға ықпал етеді;

- Culture (мәдениет) – мәдениет тілін меңгеруді қамтамасыз ететін, әлемді тану жолдарымен, өзін мәдениет бөлшегі ретінде ұсынумен, балама мәдениетті ұғыну және қабылдаумен жалпы мәдени құзыреттілігін дамыту аспектісі болып табылады.

Оқытудың тиімді әдісі – тәсілдерін таңдау арқылы табысқа жетуге, әрі сабақтың тиімділігін барынша арттыруға болады. Оқушыларға сабақ жүргізу барысында физика пәні бойынша ағылшын тіліндегі элементтерін енгізе отырып, білім беруде мынадай қағидаларды есепке алдым:

- өмірмен байланыстыра отырып сабақ бере білу;
- оқушылардың материалдарды ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін сабақты тірек белгілері мен тірек конспекттері бойынша беру;
- тест – сұрақтары мен тексеру;

- есептің шығаруда қолданылатын формулаларды ағылшын тілінде түсіндіруді үйрету;
- оқушы сабақ кезінде қажетті мәліметті, заңдылық ережені, фактіні алуға және есіне сақтауға міндетті;
- өз бетімен жұмыс істеуін, шығармашылық мүмкіншіліктерін, ойлау қабілетін арттырып отыру.

CLIL физика сабағында, мүмкіндігінше, барлық тілдік машықтардың кіріктірілуі керек. Сонымен қатар, педагог сабақ жоспарын, материалдың бір бөлігін аудио мәтін түрінде ұсынуға болатындай етіп жоспарлай алады, ал оқытудың іздеу әдістерін қолдана отырып, диалог пен әңгіме арқылы материалды түсінуге болады. Тыңдалымды жазбамен біріктіруге болады (кестелер толтыру, сызбалар құру, қателерді дұрыстау). Оқу материалын таңдау кезінде жас ерекшеліктеріне және білім алушылардың тілдік дайындығы деңгейіне сәйкес келетін әртүрлі стильдегі түпнұсқа мәтіндерді таңдау қажет. Сондай-ақ, аудио және видео материалдарды пайдалануға болады. Мәтіндер кішкене бөліктерге бөлініп, суреттермен, диаграммалармен, карталармен және т.б. ілінген болса жақсы қабылданады. Физика бойынша электронды оқулықтарды ағылшын тілінде қолдануға болады.

Бұл бізге не үшін қажет? – деген сұрақты барлығы қояды. Ағылшын тілін бөлек, ал физиканы бір бөлек оқуға болмаспа екен?! Бірақ, міне, осындай біріктірілген сабақтар пайда болды. Жас жеткіншектерге физиканы түсіну бір бөлек, ал ағылшын тілін үйрену бір бөлек қиындық туғызады. Әрине, олар шет тілін меңгерудің болашақта көп пайдасын тигізетінін біледі, бірақ тіл үйрену үшін жеткілікті түрде ынталандырылмайды. Бұл барлық адамдарға шет тілін меңгеруге деген мотивация береді.

Бірақ CLIL технологиялары қолданылатын сабақта тіл енді мақсат емес, басқа пәнді оқу құралы, яғни білім алушылар ағылшын тілінің көмегімен физика туралы жаңа қызықты ақпараттар ала алады. Тілді үйрену бірден мағыналы болады, өйткені ол нақты мәселелерді осы жерде және қазір шешуде қолданылады.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Педагогтар CLIL әдіснамасы бойынша сабақтарда электронды оқулықтар сияқты түпнұсқа материалдарды пайдалана алады. Немесе Интернетсіз үйде, әсіресе ауылдық мектептерде, педагогтар электронды оқулықты пайдаланып, физика сабағындағы материалды өз бетінше оқып, бейнені немесе презентацияны көріп, тест тапсырмаларын шешу кезінде білім деңгейлерін тексере алады.

Тілді енгізу барысында мен бірінші терминологиядан бастаймын. Әдетте, сабақтың басында тақтаға сөздіктерге жазып, сабақ барысында қолданатын

терминдермен танысамыз. Келесі сабақта бұл терминдер қайталанады. Бірақ апта ішінде көп сөздермен таныстыруды ұсынбаймын, өйткені білім алушылар шатасып кетеді, дұрыс айтылуын ұмытып қалады және т.б. Нәтижесінде сөздер есінде қалмайды.

Тақырыптарды ең қызықты және нәтижелі өткізу үшін, менің көкжиегімді кеңейту үшін мен сабақтың тақырыбына байланысты бейне материалдарды таңдаймын. Сонымен бірге бейне материалда айтылатын тақырып мәтінін қағаз үлгісінде студенттерге таратамын. Бірақ бұл мәтінде кілттік сөздердің орны бос болады. Студенттер бейне материалды тыңдай отырып, бос орынды толтыруы керек. Бейне материалды екі немесе үш мәрте қоямын. Яғни, екіжақты жұмыс жасауы тиіс. Бұл арқылы ағылшын тілінде оқылым, жазылым және тыңдалым тұрақты дамиды. Енді бір сабақтарда бірінші мәтінді студенттерге таратамын. Студенттер бос орынды толтыру үшін мәтіннің мағынасын түсу машығы қалыптасады. Сонан соң бейне материалды тыңдатып, өз-өздерін тексеруге мүмкіндік беремін. Ал тағы бір сабақтарда бейне материалды көрсетіп алғаннан соң, ауызша талқылауға кірісеміз. Енді тарау соңын бекіту үшін білім алушыларды 2 немесе 4 топқа бөлемін (білім алушы санына байланысты). Алдын-ала сол тараудың термин сөздерін кішкентай карточкаларға жазып дайындап аламын. Топтар бір-біріне қарама-қарсы тұрғызылады. Бірінші топтың бірінші студенті карточканы алып, маңдайына қояды (қарсы топтың мүшесі көре алатындай етіп, бірақ өзі көрмеуі керек). Қарсы топ мүшесі сол терминді жұмбақ ретінде жасырып сұрақ қояды. Ал бірінші топтың білім алушысы оны табуы керек. Осылайша кезек екінші топқа келеді. Дәл солай термин сөздер таусылғанша жалғасады.

Қорытынды

Білім беру салаларында тесттер өте жиі кездеседі, өйткені педагог бір сабақта көптеген оқушылармен сұхбаттасып, олардың пікірлерін біле алады және т.с.с. Тесттер, адам жасаған көптеген заттар сияқты, уақытты үнемдей алады, мәселенің тез шешімін табады және білім алушының тақырып бойынша білімдерін тез және дәл бағалайды. Тест материалдарында терминологияны ағылшын тіліне енгізуді ұсынамын. Сонымен қатар, бастапқы деңгейдегі студенттерге тақырыпты ағылшын тілінде оқуға көмектесетін оңай сұрақтарды қолданған жөн.

Қорыта айтқанда, үш тілді меңгеру оқушылардың ой-өрістерін кеңейтеді, халықаралық достыққа, өркениетті мәдениетке ден қойып, ғылым саласындағы әлемдік жаңалықтарды алғашқылардың бірі болып білуіне негіз болады. Өз білімімізді кеңейту шарасында біздің елімізде білім беру орталықтарында ағылшын тілін кіріктіріп оқыту қолға алынып отыр. Ағылшын тілі заманымызда өте маңызды рөл алып отыр. Бүгінгі таңда үш тілді оқыту –

жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік еретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оны жүзеге асыру – ұстаздардың міндеті. Сондықтан да заманауи ұстаздарға тоқтаусыз ізденіс қажет.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Нұрақасева, Л. Т., Шегенова, З. К.** Назарбаев Зияткерлік мектептерінде пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісін қолдану. – Астана, 2013.

2 Негізгі орта білім беру деңгейінің 7–9 сыныптарына арналған «Физика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы.

3 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

4 Дорожная карта развития трехязычного образования на 2015-2020 годы. Утвержден совместным приказом и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 5 ноября 2015 года No 622, [Текст] // Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 9 ноября 2015 года No 344 и Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 13 ноября 2015 года No 1066.

5 **Marsh, D.** CLIL/EMILE : [Текст] // The European dimension: Actions, trends and foresight potential. European Commission. Retrieved 2nd March 2014. – 2002.

6 Методы и приемы CLIL. Алметов Н.Ш., 2016. [Текст] [Электронды ресурс]. – <https://infourok.ru>

7 Предметно-языковое интегрированное обучение. [Электронды ресурс]. – <http://edu-resource.net>.

8 **Миненкова, Н. В.** К вопросу о взаимодействии обучения чтению с обучением аудированию, говорению, письму на русском языке [Текст] // Современные проблемы гуманитарных и общественных наук. – 2017. – № 3 (16). – С. 62–65.

9 **Михельсон Т. Н., Успенская, Н. В.** Сборник упражнений по основным разделам грамматики английского языка. [Текст]. – Издательство «Наука», Ленинград – М., 1965.

10 **Салье, Т. Е., Валиева, Ю. М., Воскресенская, И. Н.** English for Students of Communications. Английский язык для направления «Реклама и связи с общественностью». [Текст]. – М., 2011.

11 **Шейна, Е. С.** Технологии активного обучения: экстенсивное чтение при обучении английскому языку в вузе. [Текст]. В сборнике : Педагогические

и социологические аспекты образования Материалы Международной научно-практической конференции. – 2018. – С. 159–160.

References

1 **Nurakaeva, L. T., Shegenova, Z. K.** Nazarbaev Ziyatkerlik mektepterinde pән men tildi kiriktirip okytu әdisin koldanu [Application of the method of integrated subject and language teaching in Nazarbayev Intellectual Schools]. – Astana, 2013.

2 Negizgi orta bilim beru deңgejiniң 7-9-synpytaryna arnalfan «Fizika» pәninen ylgilik oku bardarlamasy [Standard curriculum on the subject «Physics» for grades 7–9 of basic secondary education.]

3 Қазақстан Республикасының 2015 жылға dejingi bilim berudi damytu tyzhyrymdamasy [The concept of education development in the Republic of Kazakhstan until 2015]

4 Dorozhnaya karta razvitiya trekh”yazychnogo obrazovaniya na 2015-2020 gody. Utverzhden sovmestnym prikazom i.o. Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 5 noyabrya 2015 goda No 622 [Roadmap for the development of trilingual education in 2015-2020. Approved by a joint order i.o. Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan from November 5, 2015 No 622.] [Text]. In Minister of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan from November 9, 2015 No. 344 and Minister of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan from November 13, 2015 No. 1066.

5 **Marsh, D.** CLIL/EMILE : [Text]. In The European dimension : Actions, trends and foresight potential. European Commission. Retrieved 2nd March 2014. – 2002.

6 Methods and techniques of CLIL. Almetov N.Sh., 2016 [Text] [Electronic resource]. – <https://infourok.ru>

7 Subject-language integrated training. [Electronic resource]. – <http://edu-resource.net>.

8 **Minenkova, N. V.** K voprosu shch vzaimodejstvii obucheniya chteniyu s obucheniem audirovaniyu, govoreniyu, pis'mu na russkom yazyke. [To the question of mutual training with training of listening, speaking, writing in Russian] [Text]. In Modern problems of humanitarian and social sciences. – 2017. – № 3 (16). – С. 62–65.

9 **Mihel'son, T. N., Uspenskaya, N. V.** Sbornik uprazhnenij po osnovnym razdelam grammatiki anglijskogo yazyka [Text] [Collection of exercises on the basic sections of grammar of the English language]. – Nauka Publishing House, Leningrad – Moscow, 1965.

10 **Sal'e, T. E., Valieva, Yu. M., Voskresenskaya, I. N.** English for Students of Communications. Anglijskij yazyk dlya napravleniya «Reklama i svyazi s obshchestvennost'yu». [English for Students of Communications. English language for the direction «Advertising and communication with the public»]. [Text]. – Moscow, 2011.

11 **Sheina, E. S.** [Tekst] // Tekhnologii aktivnogo obucheniya : ekstensivnoe chtenie pri obuchenii anglijskomu yazyku v vuze [Technologies of active learning : extensive reading of English language in higher education]. [Text]. In the collection : Pedagogical and sociological aspects of education Materials of the International scientific-practical conference. – 2018. – P. 159–160.

Материал 29.12.20 баспаға түсті.

Ж. Ш. Сағимбаева, Ж. А. Отарбаева, Е. А. Абдрахманов

Технология CLIL

К. Жубанов университет,

Республика Казахстан, г. Актобе.

Материал поступил в редакцию 29.12.20.

Zh. Sh. Sagimbaeva, A. Zh. Otarbayeva, E. A. Abdrakhmanov

CLIL technology

K. Zhubanov University,

Republic of Kazakhstan, Aktobe.

Material received on 29.12.20.

CLIL (предметно-языковое интегрированное обучение) – термин, характеризующий методики обучения, при которых предметы преподаются на иностранных языках. Интегрированный подход к обучению иностранным языкам, основанный на тесных междисциплинарных связях, является актуальным с точки зрения современных тенденций и путей развития профессионального обучения и образования в неязыковых вузах. В первый план выходят следующие положения: профессиональная направленность обучения, использование активных методов при формировании иноязычной коммуникативной компетенции, ориентация на международные требования и стандарты, использование информационных технологий и технических средств, предоставление дополнительных образовательных услуг, развитие самостоятельности, навыков самообразования и обучения. В то же время, обучение CLIL мало похоже на традиционное обучение

языку, где его преподают для дальнейшего использования и является целью хорошего знания языка. Предметная и языковая интеграция изучение языка не является заботой о себе в случае преподавания. Язык изучается с помощью интересных и доступных ученику тем. Создается безопасная среда обучения, которая поддерживает доброжелательное общение и совместное обучение. Иностранный язык служит средством передачи предметных знаний; в интегрированном курсе оценивания наряду со знанием иностранного языка предполагается знание предмета, что предполагает активное взаимодействие учителей-предметников и учителей иностранного языка

Ключевые слова: CLIL, интегрированное обучение предмету и языку, полиязычие, мобильность, английский язык как средство обучения, познание.

CLIL (subject-language integrated learning) is a term that describes teaching methods in which subjects are taught in foreign languages. An integrated approach to teaching foreign languages, based on close interdisciplinary connections, is relevant from the point of view of current trends and ways of developing professional training and education in non-linguistic universities. The following provisions come to the fore: professional orientation of training, the use of active methods in the formation of foreign language communicative competence, orientation to international requirements and standards, the use of information technologies and technical means, the provision of additional educational services, the development of independence, self-education and training skills. At the same time, CLIL training is not very similar to traditional language training, where IT is taught for further use and is the goal of a good knowledge of the language. Subject and language integration learning a language is not a concern for yourself in the case of teaching. The language is taught using interesting and accessible topics. A safe learning environment is created that supports friendly communication and collaborative learning. A foreign language serves as a means of transmitting subject knowledge; in the integrated assessment course, along with knowledge of a foreign language, knowledge of the subject is assumed, which implies active interaction between subject teachers and foreign language teachers

Keywords: CLIL, integrated subject and language learning, multilingualism, mobility, English as a means of learning, cognition.

Теруге 29.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 11.01.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,93 Mb RAM

Шартты баспа табағы 38,0.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3720

Сдано в набор 29.12.2020 г. Подписано в печать 11.01.2021 г.

Электронное издание

2,93 Mb RAM

Усл.п.л. 38,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3720

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz